

Облыстық мәслихаттың XV сессиясының "Солтүстік Қазақстан облысы бойынша жергілікті маңызды жалпы пайдалану автомобиль жолдарының тізімін бекіту туралы" 1998 жылғы 30 қаңтардағы N 15/4 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшіні жойған

Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 1999 жылғы 5 ақпандағы N 20/7 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет басқармасында 1999 жылғы 15 наурызда N 64 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2011 жылғы 19 тамыздағы N 37/4 Шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2011.08.19 N 37/4 Шешімімен

Бірқатар жергілікті маңызды жалпы пайдалану автомобиль жолдарының Республикалық Маңызды жолдар разрядына ауыстырылуына байланысты, Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қазақстан Республикасы жол қорының мәселелері" 1998 жылғы 1 шілдедегі N 623 Қаулысына сәйкес және Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасы Президентінің "Жол қоры туралы" Заң күші бар Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 1998 жылғы 8 шілдедегі Заңына сәйкес:

1. Жергілікті маңызды жалпы пайдалану автомобиль жолдары тізімінен Көкшетау-Омбы, Петропавл-Ишим жолдары, "Петропавл" әуежайына кіреберіс Республикалық маңызды жолдар разрядына ауыстырылуына байланысты шығарылып тасталсын.

2. "Петропавлавтодор" КК директоры (Долгих Г.В.) жергілікті маңызды жалпы пайдалану автомобиль жолдарының облыстық мәслихаттың 1998 жылғы 30 қаңтардағы XV сессиясы бекіткен N 15/4 тізіміне өзгерістерді енгізетін болсын.

*Облыстық мәслихаттың XX
сессиясының төрағасы*

*Облыстық мәслихаттың
хатшысы*